

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамаларының су-энергетика, ресурстарын пайдалану туралы келісімді іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 12 маусым N 882

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамаларының су-энергетика ресурстарын пайдалану туралы 2000 жылғы 23 мамырдағы келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру және 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының суарылатын жерлерін суғарыс суымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдері,

"Қазақстан теміржолы" (бұдан әрі - "Қазақстан теміржолы" РМК) және "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" РМК) республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасына Тоқтағұл СЭС-ынан (Қырғыз Республикасы) вегетация кезеңінде берілетін көлемі 580 млн. кВт.с. электр энергиясын қабылдауды қамтамасыз етсін, оның ішінде:

Оңтүстік Қазақстан облысы - 100 млн.кВт.с; (Р ор.сағ.=60 МВт)

Қызылорда облысы - 60 млн.кВт.с; (Р ор.сағ.=35 МВт)

"Қазақстан теміржолы" РМК - 120 млн.кВт.с; (Р ор.сағ.=75 МВт)

"ЕЕКПЖ" РМК - 60 млн.кВт.с; (Р ор.сағ.=35 МВт)

"Жамбылэнерго" ААҚ - 240 млн. кВт (Рср.сағ.=110 МВт)

Электр энергиясын қабылдау мына кесте бойынша жүзеге асырылсын:

Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары және "Жамбылэнерго" ААҚ 2000 жылғы 1 маусымнан 31 тамызға дейін;

"Қазақстан теміржолы" РМК - 2000 жылғы 1 маусымнан 31 тамызға дейін;

"ЕҚКПЖ" РМК - 2000 жылғы 15 маусымнан 31 тамызға дейін.

Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының әкімдері мен жоғарыда аталған ұйымдардың басшылары:

Бішкек қаласының ЖЭС-ынан алынған электр энергиясына қайтарымды көмірді жеткізіп, өтемақы беруді жүзеге асырсын;

ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қырғыз Республикасынан алынған электр энергиясының және көмірдің қайтарым жеткізілімінің көлемі туралы

а қ п а р а т б е р і п о т ы р с ы н .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1032 қаулысымен. P 0 0 1 0 3 2 _

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.01. N 1653 қаулысымен. P 0 0 1 6 5 3 _

2. Келісімді орындау жөніндегі операторлар болып қазақстандық тараптан: оңтүстік аймақтардың суармалы жерлерін суғаруға арналған су беру жөнінде - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті;

Қырғыз Республикасынан жеткізілетін электр энергиясын беру жөнінде - "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ("KEGOK" ААҚ).

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қырғыз Республикасынан 2000 жылғы вегетация кезеңінде алынатын электр энергиясы үшін өтемақы ретінде берілетін көмірді теміржол көлігімен тасымалдауға қолданылып жүрген тарифтің 50 пайызы мөлшерінде жеңілдік белгілесін;

"Қазақстан темір жолы" РМК" көмір жеткізу үшін жылжымалы темір жол составын іркіліссіз беріп тұруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.01. N 1653 қаулысымен. P 0 0 1 6 5 3 _

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда көрсетілген Келісімнің 6-бабының негізінде электр энергиясы мен көмір беруге келісім-шарт жасасқан шаруашылық субъектілерін 2000 жылғы 1 маусым - 31 желтоқсан кезеңіне кедендік алымдарды және акциздерді төлеуден босатсын.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.01. N 1653 қаулысымен. P 0 0 1 6 5 3 _

5. 2001 жылдың вегетация кезеңіне Тоқтағұл су қоймасында судың қорын жинақтау және Арнасай құламасына судың зая ағуын болдырмау мақсатында 2000 жылғы 1

маусымнан бастап, осы қаулыда бекітілген көлемдерін қоспағанда, Қырғыз Республикасынан электр энергиясының импортына 20 МВт орта сағаттық қуат көлемінде квота белгіленсін.

6. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетіне вегетациялық суғаруға суды үнемдеу, ауыл шаруашылығы дақылдарының құрылымдары мен егістік алқаптарын оңтайландыру жөніндегі бекітілген іс-шараларын жіберсін.

Қарағанды облысының әкімі "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" РМК-на көмір жіберу жөнінде нақты көмек көрсетсін.

Ескерту. 6-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.01. N 1653 қаулысымен. Р 0 0 1 6 5 3 _

7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

- Қырғыз Республикасынан электр энергиясын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын, мұның өзінде 2000 жылғы вегетация кезеңінде Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына энергияның бүкіл ағыны аталған үкіметаралық Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатынын белгілесін;
- 2000 жылғы вегетация кезеңінде Қырғыз Республикасынан

алынатын электр энергиясының көлемін ұлғайту мүмкіндігі қарастырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті 2000 жылғы вегетация кезеңінде суды үнемді пайдалануға бақылау орнатсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК